

## Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 48 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 тамызда № 5583 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 174 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 28.02.2018 № 174 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422 - бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Қызметін Сырдария ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес **б е л г і л е н с і н .**

2. Сырдария аудандық мәслихатының төмендегі шешімдерінің күші жойылды **д е п т а н ы л с ы н :**

"Сырдария ауданы бойынша бекітілген базалық ставкалар шегінде айына салық салу объектісінің бірлігіне бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 30 қарашадағы № 361 шешімі ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 23 желтоқсанда № 10-8-161 болып тіркелді, "Тіршілік тынысы" газетінде 2012 жылғы 09 қаңтарда №2 жарияланған);

"Сырдария ауданы бойынша бекітілген базалық ставкалар шегінде айына салық салу объектілерінің бірлігіне бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 30 қарашадағы кезектен тыс XXXXII сессиясының № 361 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" аудандық 2012 жылғы 27 маусымдағы № 59 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 18 шілдеде №10-8-180 болып тіркелді , "Тіршілік тынысы" газетінде 2012 жылғы 21 шілдеде № 62 жарияланған).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті

4 сессиясының төрағасы:

О. Сейтмуратов \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Мемлекеттік кірістер  
комитеті Қызылорда облысы бойынша  
Мемлекеттік кірістер департаментінің  
Сырдария ауданы бойынша  
мемлекеттік кірістер басқармасы"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

М.Абдықалықов \_\_\_\_\_

29 шілде 2016 жыл

Аудандық мәслихаттың

хатшысы:

Е. Әжікенов \_\_\_\_\_

Сырдария аудандық мәслихатының  
2016 жылғы 29 шілдедегі  
№ 48 шешіміне қосымша

## Қызметін Сырдария ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерінің ең төменгі мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3